

**Тойбекова Багдат Абдуллаевна б010300–Педагогика және психология
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшіндайындалған «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың
полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағындалған
диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми
және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және
ғылыми техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазақстан дамыған елдердің қатарына жету мақсатында қарқынды даму үстінде. Үлкәркын еліміздің білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізетіні анық. Білім беру реформасы сатылы түрде кезең – кезеңімен алға жылжу жолында. Қазіргі өскелен үрпак – өмірге бейімделген, қоғамға қосар үлесі бар жеке тұлға болып қалыптасада. Олардың нақты мақсаты – шапшаң дамыған, өзгеріске толы заман талабына сай, өмірде өз орнын таба алатын, халыққа кедергісіз қызмет жасай алатын алғыр да білімді болу. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Мектеп тұлектері казақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс», – деп атап көрсеткен. Осыған орай, білім берудегі өзгерістердің бірі – тілдерді менгеруге деген ұмтылыс пен қызығушылықты ояту.

Осы тұрғыдан алғанда Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясының тақырыбы бүтінгі кезеңінде өте көкейкесті мәселелер қатарында.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Іздешілі жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаған; жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мәні анықтаған; жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған; жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың әдістемесін жасап және оның тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексерген.

Жалпы, Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің PhD диссертациясына қойылатын «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» талаптарына және 6D010300 – Педагогика және психология

мамандығына сәйкес келеді.

3.Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденушінің зерттеу мақсатына жетуде алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының негізділігі мен шынайылығын оның теориялық тұрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құруда логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу міндеттерінің нақты анықталуы, зерттеу әдістерін тиімді пайдалануымен, тұжырымдалған әрбір нәтижелердің іс-жүзінде дәлелденуі, зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдауы зерттеу жұмысына қорытынды жасай отырып, шынайылық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерінің Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда және шетелдік импакт-факторы бар журналдарда жариялануы ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесі мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесін көрсетеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының) тұжырымдары мен қорытындыларының жаналық дәрежесі.

1. *Бірінші ғылыми нәтижесе* - зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді;

2. *Екінші ғылыми нәтижесе* - жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды;

3. *Үшінші ғылыми нәтижесе* - оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық- мазмұндық моделі жасалынды және ол теориялық тұрғыдан дәлелденді;

4. *Төртінші ғылыми нәтижесе* - жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы

Диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеудің нысаны мен пәнінде толық сәйкес келе отырып, мақсат, міндеттерінің ішкі бірлікте негізделіп отыргандығын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының орындалуындағы жүйелілік, ғылыми аппараттың ауқымдылығы, логикалық бірізділігі, әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолдану, зерттеу материалдарының тұтастығы, зерттеу нәтижелерінің ғылыми

болжамды растауы, ғылыми-тәжірибелік нәтижелері зерттеу жұмысының теориялық-әдістемелік мазмұнының ішкі бірлігімен, құрылымдық жалпы тұтастығымен және зерттеу қорытындыларының қисындылығымен анықталады.

6. Изденүшінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

«Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылар зерттеу мәселесі бойынша теориялық-әдістемелік тұрғыда нақтыланған қағидалар деп санаймыз. Зерттеу барысында қол жеткізілген теориялық және практикалық нәтижелерді жалпы білім беретін орта мектептерінің оқушылардың полилингвалды, көптілді (ағылшын, орыс, қазак) тұлғасын қалыптастыру, сабактан тыс жұмыстарда оқушылардың білімін жетілдіру орталықтарында, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру үйірмелерінде пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Диссертацияда ұсынылған негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары ізденүшінің тиісті басылымдарда жарияланған 15 енбегінде көрініс тапқан. Оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 4 ғылыми басылымдарда, Scopus компаниясының акпараттық базасында тіркелген 1 жарияланымда және 4 халықаралық, оның ішінде 5 шетелдік ғылыми-практикалық конференция материалдарында. «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты 1 оку құралы даярланған. Жарияланған бұл ғылыми енбектер диссертациялық жұмыстың негізі қағидаларына, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларына толық сәйкес келеді.

8. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер. Изденүшінің диссертациялық жұмысы жан-жақты талданып, талаптарға сай орындалғанымен, диссертацияның мазмұны мен рәсімделуінде кейбір кемшіліктер де кездеседі.

Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысын толық аяқталған, жоғары дәрежеде орындалған жұмыс деп тұжырымдай келе, жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кеткен кейбір кемшіліктер де кездеседі:

1. Орындалған диссертацияда ізденүші полилингвалды тұлғаны қалыптастыру мәселесін зерттей келе, оның құзыреттеріне қатысты теренірек

талдау жасағанда артық болмас еді, одан диссертацияның құндылығы артпаса кемімейді.

2. Ізденушінің сабактан тыс жұмыстарды үйымдастыруға арналған «Тілдер әлемі» атты факультативтік курс бағдарламасының мазмұны ауқымды да ұтымды жасалған. Оның тақырыптық жоспарлары мен жұмыс түрлері де көңілге қонымды шыққан. Алайда зерттеу жұмысында оның мазмұны толық қамтылғанда еңбектің практикалық түргыдан маңыздылығы арта түскен болар еді.

3. Сабактан тыс жұмыстардың негізгі формасы ретінде үйірме саналады. Сондыктан жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде ізденуші үйірме жұмысының мүмкіншіліктерін оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру максатында толығырақ қамтамасыз етілгенде диссертацияның құндылығы арта түсер еді.

Алайда, бұл атаптан кемшіліктер мен ескертпелер ізденушінің диссертациялық жұмысының жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

9. Философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Ережелер талаптары бойынша диссертация мазмұнының сәйкестігі

Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның диссертациялық жұмысының көкейкестілігінде, алынған нәтижелердің ғылымилығында күмән жоқ. Ізденушінің алдына қойған зерттеу мақсаты мен міндеттері толық орындалған, зерттеу міндеттері шешімін тапқан, дәйекті еңбек ретінде бағалауға болады.

Корыта келгенде, ізденушінің 6D010300- Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп санаймын. Ал, ізденуші Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның 6D010300- Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:
М.Х.Дулати атындағы
Тарараз өнірлік университетінің
PhD докторы



Г.Б.Исабекова

